

## Алтықарасу ауылдық округінің құрамды бөліктерін атау туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 6 шешімі. Ақтөбе облысы Темір аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 3 ақпанда № 3-10-158 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтін бойынша "селолық" сөздері "ауылдық" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Алтықарасу ауылдық округі әкімінің 27.09.2016 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының Әкімшілік – аумақтық құрылыс туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және Алтықарасу ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып, әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алтықарасу ауылдық округінің құрамды бөліктеріне (қыстауларына) мына атаулар берілсін:

1) Тасқабаз;	9) Мәрі;
2) Басбақбаз;	10) Шығырлы;
3) Құмды;	11) Қалмағанбет;
4) Шолаққарағанды;	12) Күйгенбаз;
5) Қалмен;	13) Шифербаз;
6) Ботақан;	14) Таскемер;
7) Есенбай;	15) Ақбаз.
8) Ақтоғай;	

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтықарасу ауылдық округінің әкімі

Е. Төлеуов